

**"Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 670 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

**«Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Қ А У Л Ы                      Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер, атаулы күндер туралы» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер, атаулы күндер тізбесі бекітілсін.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер тізбесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер, атаулы күндер тізбесі» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Басқа мемлекеттердің аумағында әскери борышын өтеген қазақстандықтарға құрмет көрсету күні – 15 ақпан»;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:  
«1-1. Геолог күні – сәуірдің бірінші жексенбісі»;  
«2-2. Чернобыль АЭС-індегі аварияның, басқа да техногендік және экологиялық апаттардың салдарын жоюға қатысқан қазақстандықтарға құрмет көрсету күні – 26 с ә у і р » .

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті    Н.Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК